

## БӨЛІМ: АШЫҚ САБАҚТАР

## Өрмекші мен шыбын

ЖАРИЯЛАНДЫ  
18.02.2020

СІЛТЕМЕ  
<https://bilimgger.kz/68702/>

<b>41-сабақ Өнер - таусылмас азық</b>								
Тақырып: Н.Айтұлы «Өрмекші мен шыбын»								
Күні 12.12.19	Мұғалімнің есімі Абыканова Назгул Ахметқызы							
Мектеп: №24								
Сынып 4 «Б»	Қатысқандар саны	Қатыспағандар саны						
Сабаққа негізделген оқу мақсаты	4.1.2.1 Шығарма мазмұнын түрлі баяндау тәсілдерін (II немесе Ш жаққа өзгертіп, жағдаяттар қосып, оқиғаларды өрбітіп) қолданып, шығарманы қысқаша, толық, ішінара мазмұндау 4.3.1.1 оқылған шығармадағы оқиға жүйесін анықтап, оны бөліктерге бөлу, бөліктерге ат қою құрылымын (сюжеттің басталуы, дамуы, шиеленісуі, шарықтау шегі, шешімі) анықтау							
Сабақ мақсаттары:	<b>Барлық оқушылар:</b> Шығарма мазмұнын толық мазмұндайды. Оқылған шығармадағы оқиға жүйесін анықтап, оны бөліктерге бөледі. <b>Оқушылардың басым бөлігі:</b> Тақырыпқа сұрақтар құрастырып, жауабын дәлелдермен негіздейді. <b>Кейбір оқушылар:</b> Өз пікірлерін түйіндеп айта алады.							
Бағалау критерийлері:	Мәтінді мәнерлеп, түсініп оқып, мазмұнын талдайды. Мәтін мазмұнын тірек сөздер кестесі арқылы әңгімелеп үйренеді.							
Құндылықтарды дарыту	Әлеуметтік жанашырлығы және жауапкершілігі болу							
Пәнаралық байланыстар	Жаратылыстану, қазақ тілі							
АКТ қолдану дағдылары	Ғаламтор желісін қолдану							
Алдыңғы оқу/ Бастапқы білім	Мәтіннің түйінді ойын өмірмен байланыстыра алады							
<b>Жоспар</b>								
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған әрекет	Ресурстар						
Басталуы	<p><b>Ұйымдастыру кезеңі:</b> 1. Оқушылармен сәлемдесу, оларды түгендеу. 2. Оқушылардың сабаққа деген ынтасын арттыру, көңіл-күйлерін көтеру үшін жағымды ортаны қалыптастырамын.</p> <p><b>Ойсергек:</b> Күндей күліп жүрейік, Күннің нұрын төгейік Мен саған, сен маған Сәттілік біздер тілейік</p> <p><b>Топтық жұмыс</b> <b>I топ Ребустың шешуіндегі сөздің пайдасы мен зиянын жазу</b> і ме ие і <b>II топ Жұмбақтың шешуіндегі сөздің пайдасы мен зиянын жазу</b> <b>Бар жұмысы ермегі.</b> <b>Талмай ызың қағады.</b> <b>Еңбекті қош көрмейді,</b> <b>Жат ыдысты бағады.</b></p> <p><b>ҚБ:</b> Мұғалімнің қолдау сөздері Сабақтың тақырыбы мен мақсаты хабарланады</p>	<p>«Қосу, алу» әдісі</p> <table border="1"> <tr> <td></td> <td>+</td> <td>—</td> </tr> <tr> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> </table>		+	—			
	+	—						

<p><b>III топ Тірек сөздер арқылы автордың өмірі жайлы мәліметті толықтыру</b>  Автормен танысу  Несіпбек Айтұлы – ақын. 1950 жылы Қытайдағы Шығыс түркістанның тарбағатай аймағы Шәуешек ауданында дүниеге келген. Балаларға арналған «Қартаймайды күн неге?», «Берігостаған», «Құланойнақ», т.б. кітаптары бар.</p> <p><b>IV топ «Адасқан әріптер» әдісі арқылы «Мысал» сөзін шығарып, топтастырады</b>  <b>Дескрипторы:</b>  <b>1. Ребустың шешуіндегі сөздің пайдасы мен зиянын жазады</b>  <b>2. Жұмбақтың шешуіндегі сөздің пайдасы мен зиянын жазады</b>  <b>3.Тірек сөздер арқылы автордың өмірі жайлы мәліметті толықтырады</b>  <b>4. «Мысал» сөзіне топтастыру жасайды</b>  <b>ҚБ. «Екі жұлдыз , бір тілек»</b>  — Балалар, қалай ойлайсыңдар, бұл ақпараттардың бүгінгі сабағымызға қатысы бар ма?  <b>Сабақтың мақсатын айқындау</b>  — Олай болса, бүгінгі сабағымыз Н.Айтұлы «Өрмекші мен шыбын» мысал-өлеңін талдауға арналады.  <b>Мұғалім:</b> Оқушыларды сабақтың тақырыбымен, оқу мақсатымен, бағалау критерийімен таныстырамын. (Осы қойған мақсатымызға сабақ соңында қайта оралатын боламыз).  -Өрмекшінің өрмегі оңай тоқылады ма екен?  -Өрмекшінің өрмек тоқуы қай кәсіп түріне ұқсайды ?</p>	<p>«Өрмекші» әдісі</p> <p>«Топтастыру» әдісі</p> <p>«Өрмекшінің өрмегі» әдісі</p> <p>Интерактивті тақта</p>
---	---

<p><b>Ортасы</b></p>	<p><b>(Т) «Түсіндір» айдары бойынша</b>          Мысал -өлеңді мәнерлеп оқимын. Өлеңде кездесетін түсініксіз сөздерді белгілеп отырыңдар.«Өрмекші мен шыбын» атты мысал-өлеңі оқылып, оқу барысында аялдамалар жасау арқылы мәтінді бөлімдерге бөлуге әзірлік жүргізіледі.          «Жаңа сөздер сандығы» айдары бойынша оқушылардың мәтін бойынша түсінбеген сөздерінің мағынасын топ ішінде талдап, түсініктеме жасауларына ықпал ету.          Ермек – бұл жерде: алданыш, уақыт өткізу- забава- fun ( фан)          Ғұмыр –өмір-жизнь- a life (э лайф)          Қилы –әртүрлі, алуан-разный- different ( дифферент)  <b>Дескрипторы:</b>          1.Түсініксіз сөздердің мағынасын түсінеді  <b>ҚБ: «Басбармақ» әдісі</b>  <b>Сергіту сәті Ағылшын әніне көңілді ырғақ</b>  <b>(Т)«Түсініп оқы» айдары бойынша</b> оқушылар тізбектей оқиды және әр шумақ бойынша «Оңай сұрақтар» қою арқылы мәтін мазмұнына талдау жасалады).          -Шыбын өрмекшіге не үшін келді?          -Ол өрмекшіге не деді?          — Өрмекші неге ашуланды?          -Өрмекші өзінің еңбегі туралы не айтты?          -Шыбын қандай әрекет жасады?          -Ол қандай бөлеге тап болды?  <b>«Теориялық мәтін» айдары бойынша</b>          —Міне,балалар, ашық сұрақтарға жауап беру арқылы өлеңнің мазмұнын айтуға болады екен. Мазмұндау – мәтінді оқып, түсініп, мазмұнын айтып беру.Мазмұндау барысында мәтіндегі негізгі ой ашылуы крек.          -Автордың негізгі ойын қай шумақтан табуға болады?  <b>Мазмұндаудың бірнеше түрі бар:</b>  <b>Толық мазмұндау</b> Мәтінді авторлық нысанға мейлінше жақын етіп мазмұндау.  <b>Қысқаша мазмұндау</b> Мәтіндегі ең маңызды тұстарды өз сөзімен қысқартып айту.  <b>Шығармашылық мазмұндау</b> Бірінші жақтан айтылған оқиғаны екінші немесе үшінші жақтан өзгертіп баяндау, оқиғаның дамуын болжап, өзгертіп мазмұндау  <b>Топтық жұмыс Ал енді балалар мәтін бөліктері бойынша «оңай,қиын сұрақтар» қойып,мәтінді толық,шығармашылық ,қысқаша мазмұндайық</b>  <b>I топ Толық мазмұндау</b>  <b>II топ Мәтіндегі негізгі ой.</b>          Оқушылар мысал-өлеңдегі негізгі ойды білдіретін шумақты тауып, оқиды          -Өмірде Шыбын сияқты адамдар бар ма?  <b>Шыбынға хат</b>  <b>III топ Қысқаша мазмұндау Бөліктерге ат қою</b>  <b>1. Өрмекші мен шыбын</b>  <b>2. Өрмек тоқу</b>  <b>3. Торға шырмалу</b>  <b>IV топ Шығармашылық мазмұндау</b>  <b>Дескрипторы:</b>          1.Мәтін мазмұны бойынша «Оңай,қиын» сұрақтар қояды.          2.Мәтін мазмұнын өзара баяндап, талдайды,бөліктерге ат қояды.</p>	<p>«Түртіп алу» әдісі</p> <p>«Аялдамамен оқу» әдісі</p> <p>«Оңай сұрақтар» қою (Ашық сұрақтар)</p> <p>Ашық,жабық сұрақтар қою</p>
----------------------	---	---

	<p>3.Өлеңдегі түйінді ойды анықтайды 4.Өз ойларын жинақтап, алған білімдерін түйіндеп айтады</p> <p><b>ҚБ: «Отшашу» әдісі</b> <b>(Жеке тапсырма)</b> Семантикалық карта толтыру <b>Сараланған тапсырма:</b> <b>1. Ерекше қадағалауды қажет ететін (С) оқушыға жеке тапсырма</b> <b>Қарамен жазылған сөздерді синоним сөздермен алмастырып оқы</b> <b>Ермек</b> үшін келді. <b>Ғұмырым</b> өтіп келеді.<b>Қилы</b> өнер үйрену. <b>2. В деңгейіндегі оқушыға жеке тапсырма.</b> <b>Венн диаграммасы арқылы</b> мысалдың кейіпкерлерін салыстырады -Неліктен Шыбын жағымсыз кейіпкер деп ойлайсың? -Сенің ойыңша Өрмекші қандай кейіпкер? <b>3. Қабілетті (А)оқушыға жеке тапсырма.</b> <b>Берілген мақалдардың ішінен мысал-өлеңдегі негізгі ойға қатысты мақалды анықтап, дәлелдейді.</b> <b>Ынта болса адамда</b> <b>Қиын іс жоқ ғаламда</b> -мақалдың мысал-өлеңге қатысы барын дәлелде. Оқушылар жұмыстарын қорғайды. <b>Дескрипторы:</b> 1. Семантикалық карта толтырады 2. Тірек сөздерге сөйлем құрап айтады 3.Өзара салыстырады 4.Мақалдың негізін анықтап, дәлелдейді <b>ҚБ: «Бағдаршам» әдісі</b></p>	<p>«Әдебиет үйірмесі» әдісі</p> <p>С деңгей</p> <p>В деңгей</p> <p>А деңгей</p>
<b>Аяқталуы</b>	<p><b>(Т) «Қорытындыла» айдарында</b> оқушылар «Өрмекшінің өрмегі» әдісі бойынша сабақты оқушылардың өзі қорытындылайды. <i>Әр топтан 2 оқушы шақырылады. Оқушылар сабақтан түйген ойларын айтады.. Мұғалім сабақ мақсатын, бағалау критерийін экранға қайта шығарады. Оқушы сабақ мақсатына жеткендігі туралы мәлімдеме жасайды.</i> <b>ҚБ: «Бас бармақ»</b> әдісі арқылы бағалаймын <b>Үй тапсырмасы:</b> Мысал мазмұны бойынша жоспар құрып жаз. <b>Рефлексия.</b> «Өрмекшінің торы» әдісі бойынша сабаққа кері байланысты өрмекші торына жапсырады</p>	
<b>Қосымша ақпарат</b>		
<b>Саралау. Сіз қосымша көмек көрсетуді қалай жоспарлайсыз? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай міндет қоюды жоспарлайсыз?</b>	<b>Дереккөздер:</b> Кейбір оқушылар басқа сыныптастарына қарағанда анағұрлым күрделі дереккөздермен жұмыс істей алады.	
<b>Бағалау. Оқушылардың үйренгенін, материалды меңгергенін тексеруді қалай жоспарлайсыз?</b>	Бағалау парақтары, «От шашу» әдісі, «Басбармақ» әдісі, «Екі жұлдыз, бір тілек» әдісі, «Бағдаршам» әдісі	

<p><b>Сабақ бойынша рефлексия</b> Сабақтың оқу мақсаты шынайы ма? Бүгін оқушылар не білді?</p> <p>Сыныптағы ахуал қандай болды?</p> <p>Мен орындаған саралау шаралары тиімді болды ма? Мен сабақ жоспарымды орындап үлгердім бе? Мен өз жоспарыма қандай түзетулер енгіздім және неліктен?</p>	<p>Сабақ мақсаты орындалды.</p> <p>Шығарма мазмұнын толық мазмұндауды. Оқылған шығармадағы оқиға жүйесін анықтап, оны бөліктерге бөлуді үйренді</p> <p>Сабақтағы ахуал жақсы болады. Себебі, белсенді оқу әдістерін қолданып, оқушылардың қызығушылығын оятатындай әртүрлі тапсырмалар беремін.</p> <p>Жоспарланған саралау тапсырмалары оқушының оқу деңгейіне сәйкес берілгендіктен тиімді болады.</p> <p>Уақытты тиімді пайдаланамын. Себебі, әр тапсырмаға уақыт беріп, таймермен белгі беріп отырамын.</p>
--	---

**КМ АА** Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.